

**Ғылыми-техникалық бағыттағы қосымша білім беру ұйымдары
басшыларының Республикалық Үйлестіру кеңесінің кеңейтілген
отырысының ұсынымдары**

2015 жылғы 18 қараша

Ақтөбе қаласы

Интеллектуалдық капитал, еңбек адамы, инновациялық ойлау жаңа Қазақстанның басты құндылықтары болып табылады. Оларды Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына жолдауында анықталған стратегиялық бағытымен үйлестіру қажет.

«Үлкен ел – үлкен отбасы» жобасының аясында «Ұлт жоспары – 100 нақты қадамға» сәйкес «Жас буын+» жобасы басталуда. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жүзеге асыру жағдайында ғылыми-техникалық білім беруді дамыту тұлғаның үйлесімді дамуын, қазақстандық патриотизмді, азаматтық бірегейлікті және толеранттылық мәдениетін қалыптастыруды қамтасыз ететін білім берудің ерекше тиімді технологиясы болып табылады.

Балалардың ғылыми-техникалық білімін дамыту, оның ішінде әр түрлі іс-шараларды ұйымдастыру - тұлғаның үйлесімді дамуын қамтамасыз ететін білім берудің айрықша тиімді технологиясының бірі және болашақ инженерлерге заманауи тәрбие беру бағдарламасының ажырамас бөлігі.

Мемлекеттік саясат стратегиясының басты бағыттарының бірі - ведомствоаралық өзара әрекеттестікті күшейту негізінде балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылығын дамытудың жаңа тәсілдерін және ұйымдастыру формаларын анықтау болып табылады.

Үйлестіру кеңесіне қатысушылар ғылыми-техникалық бағытты дамытуға байланысты ауқымды мәселелерді талқылап келесі ұсынымдарды әзірледі:

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі:

- ғылыми-техникалық бағыттағы қосымша білім педагогтеріне арналған біліктілікті арттыру курстарын тұрақты түрде ұйымдастырсын;
- ғылыми-техникалық шығармашылық және өнертапқыштар республикалық жарыстарын өткізуді қамтамасыз етсін;
- ғылыми-техникалық бағыттағы қосымша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын ұйымдар қызметін әдістемелік қолдауды қамтамасыз етсін;
- балалар мен жасөспірімдердің креативті ойлау қабілеттерін дамыту үшін инновациялық технологияларды қолдану бойынша Ақтөбе қаласындағы Техникалық шығармашылық орталығы мен Павлодар қаласындағы Балалар техникалық мектеп жұмысының оң тәжірибесін таратсын;
- балалардың техникалық шығармашылығы бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының үздік тәжірибесін зерделеу және жалпылау бойынша жұмысты жалғастырсын.

Жергілікті атқарушы органдар:

- Балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылығын дамыту бойынша 2015-2018 жылдарға арналған іс-шаралардың өңірлік жоспарларды орындау бойынша жұмыстарды жалғастырсын;
- Қазақстан Республикасында балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылығын дамыту бойынша 2015-2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын орындауды қамтамасыз етсін;
- келесі мүмкіндіктерді қарастырсын:
 - а) білім беру ұйымдарында ғылыми-техникалық шығармашылық үйірмелерінің желісін дамыту;
 - б) ғылыми-техникалық бағыттағы станциялар мен орталықтар желісін дамыту;
- демалыс мезгілдерінде балалар сауықтыру лагерлерінде бейінді ауысымдар ұйымдастырсын;

- балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылығын дамыту бойынша ведомствоаралық әрекеттесуді ұйымдастыру, мемлекеттік-жеке серіктестіктерді дамыту мәселелерін жетілдірсін.

Республикалық үйлестіру кеңесінің мүшелері, жас техниктер станциялары мен орталықтарының директорлары:

- өз құзыреті шегінде Үйлестіру кеңесінің ұсынымдарын жүзеге асыруды қамтамасыз етсін;

- Қазақстан Республикасында балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылығы жүйесін дамыту бойынша 2015-2018 жылдарға арналған тұжырымдамалық тәсілдерді ескере отырып, ғылыми-техникалық бағыттағы станциялар мен орталықтар қызметінің жоспарларына өзгертулер енгізсін;

- балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылығын дамыту, кәсіби өзін өзі анықтау бойынша жоғары оқу орындарымен, колледждермен, кәсіпорындармен, бизнес құрылымдарымен өзара әрекет етсін;

- балалар мен жастардың ғылыми-техникалық білімдеріне арналған арнайы бөлімдерді құру және өңірлік сайттарды толықтыру бойынша жұмыстарды жалғастырсын;

- өткізілген іс-шаралар жөнінде ақпаратты www.ziyatker.org сайтында орналастыру үшін ҚР БҒМ РҚББОӨО-на ай сайын жаңа ақпараттар жіберсін.